

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ДАМУ ДИНАМИКАСЫ МЕН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР

О.Г. Турсынбаев* , К.Т. Ыбыраимжанов 

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*e-mail: tursynbayev@mail.ru, tarmpi_school@mail.ru

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде (1945–1960 жж.) Қазақстандағы оқушылар ұйымдарының (пионер, комсомол және мектепшілік бірлестіктер) даму бағыттарын, қызмет мазмұнын және институционалдық қиындықтарын айқындау, сондай-ақ олардың әлеуметтік-мәдени ықпалын бағалау.

Зерттеудің негізгі идеясы оқушылар ұйымдарының кеңестік идеологияны жас ұрпақ санасына орнықтыру тетігі ретінде қызмет еткенін, сонымен бірге ұжымшылық, тәртіп, патриотизм және қоғамдық белсенділік дағдыларын қалыптастыруға ықпал жасағанын дәлелдеуге негізделеді.

Зерттеу бағыттарына ұйымдардың тарихи-идеологиялық негіздерін талдау, құрылымы мен қызмет түрлерін сипаттау, материалдық-техникалық және кадрлық тапшылықты, ұйымдастырушылық әлсіздік пен идеологиялық қысымды анықтау, тәрбиелік ықпалын бағалау және қазіргі оқушылар ұйымдарымен салыстырмалы талдау жасау енгізілді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы соғыстан кейінгі тәрбиелік институттардың эволюциясын нақты деректер негізінде жүйелеумен және Қазақстан тарихы мен педагогикасындағы жеткілікті зерттелмеген қырларды толықтырумен айқындалады.

Практикалық маңыздылығы тарихи тәжірибедегі тиімді элементтерді қазіргі тәрбие жұмысына бейімдеуге және осы негізде қолданбалы ұсынымдар ұсынуға байланысты. Әдіснама ретінде тарихи-педагогикалық, салыстырмалы, хронологиялық және құжаттық талдау тәсілдері пайдаланылды; дереккөздер қатарын архив материалдары, ресми құжаттар, мерзімді баспасөз және естеліктер құрады.

Зерттеу нәтижелері ұйымдардың соғыстан кейінгі қалпына келуі күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жүргенін, соған қарамастан олардың мектеп өмірін ұйымдастыруда, оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке, мәдени-көпшілік және әскери-патриоттық іс-шараларға тартуда елеулі рөл атқарғанын көрсетті. Мақалада жинақталған тарихи тәжірибе қазіргі білім беру жүйесінде азаматтық жауапкершілік пен әлеуметтік белсенділікті күшейтудің әдістемелік негіздерінің бірі бола алатыны тұжырымдалды.

Кілт сөздер: оқушылар ұйымы, пионер, комсомол, тәрбие жұмысы, кеңестік идеология, әлеуметтендіру, кеңестік кезең.

Кіріспе

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезең Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуында күрделі өзгерістермен сипатталды. Соғыс салдары халықтың тұрмыс деңгейіне, демографиялық ахуалға, еңбек ресурстарына және қоғамдық санаға тікелей әсер етті. Осындай жағдайда мемлекет үшін балалар мен жасөспірімдерді қоғамдық өмірге бейімдеу, оларды еңбекке, ұжымдық жауапкершілікке және патриоттық құндылықтарға баулу басым міндеттердің біріне айналды.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі қоғамды қалпына келтіру тек экономикалық шаралармен ғана шектелмей, сонымен қатар жаңа буынды тәрбиелеудің идеологиялық және әлеуметтік механизмдерін қалыптастыруды талап етті. Бұл үдеріс жас ұрпақты тек білім алушы ретінде емес, болашақ қоғамның белсенді мүшесі ретінде қарастыру қажеттілігін туындатты.

Сондықтан соғыстан кейінгі жылдары мектептегі тәрбие жұмысының институционалдық тірегі ретінде оқушылар ұйымдарының қызметі қайта жанданды. Бұл ұйымдар тәрбиелік іс-шаралар өткізумен ғана шектелмей, мектеп өмірін ұйымдастыруға, қоғамдық пайдалы еңбекке тартуға, мәдени-көпшілік жұмыстарды үйлестіруге, тәртіп пен жауапкершілік дағдыларын орнықтыруға қатынасты. Сонымен бірге, олардың қызмет мазмұны мемлекеттік идеологиямен тығыз байланыста қалыптасты.

Бұл ұйымдар мектептің ішкі құрылымын ғана емес, сонымен қатар қоғамның идеологиялық құрылымын да бейнелейтін маңызды әлеуметтік институттарға айналды. Олардың қызметі арқылы оқушылар қоғамдық қатынастар жүйесіне ерте жастан енгізіліп, белгілі бір құндылықтар жүйесіне бағытталды.

Соған қарамастан, оқушылар ұйымдарының соғыстан кейінгі трансформациясы, даму динамикасы, институционалдық мүмкіндіктері мен шектеулері, соның ішінде кадр тапшылығы, материалдық базаның әлсіздігі, ұйымдастырушылық кедергілер және ауыл мен қала мектептері арасындағы айырмашылықтар мәселесі қазақстандық тарихи-педагогикалық әдебиетте толық ашылмаған.

Әсіресе, аймақтық ерекшеліктердің әсері, ауыл мектептеріндегі тәрбие жұмысының өзіндік сипаты және ұлттық құрамның өзгеруі сияқты факторлар жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл жағдай аталған тақырыптың ғылыми тұрғыдан өзектілігін арттыра түседі.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі қоғамда азаматтық сана, әлеуметтік белсенділік, құндылықтық бағдар және патриотизм мәселелерінің қайта күн тәртібіне шығуымен түсіндіріледі. Оқушылар ұйымдарының тарихи тәжірибесін зерделеу тәрбие жұмысының мазмұнын жаңартуға, ұйымдастыру тетіктерін жетілдіруге және тиімді тәжірибелерді іріктеп қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаға бағытталған оқыту мен тәрбиенің маңызы артқанымен, ұжымдық тәрбиенің тарихи тәжірибесін ескермеу педагогикалық үдерістің толыққанды дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Осыған байланысты зерттеу гипотезасы соғыстан кейінгі кезеңдегі оқушылар ұйымдары материалдық және ұйымдастырушылық қиындықтарға қарамастан жас ұрпақтың азаматтық және патриоттық қасиеттерін қалыптастыруда елеулі рөл атқарды, ал олардың тарихи тәжірибесі қазіргі тәрбие процесін дамыту үшін қолданбалы мәнге ие деген тұжырымға негізделді.

Бұл гипотеза оқушылар ұйымдарын тек тарихи құбылыс ретінде емес, қазіргі педагогикалық практика үшін тәжірибелік мәні бар жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің дереккөздік негізін Қазақстан Республикасының орталық және өңірлік архив қорларындағы құжаттар, білім беру мекемелерінің есептері, оқушылар ұйымдарының жарғылары, педагогикалық кеңестер хаттамалары және мерзімді баспасөз материалдары құрады. Сонымен бірге, 1945-1960 жылдардағы мемлекеттік қаулылар, білім беру министрлігінің бұйрықтары, мұғалімдер естеліктері мен сол кезеңдегі баяндамалар пайдаланылды. Дереккөздердің әртүрлілігі зерттеу нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді және қарастырылып отырған құбылысты жан-жақты талдауға жағдай жасады.

Негізгі әдіс ретінде тарихи-педагогикалық талдау қолданылды. Осы тәсіл оқушылар ұйымдарының құрылымын, қызметін және идеологиялық бағдарын кезеңдік тұрғыдан қарастыруға, олардың соғыстан кейінгі қоғамдағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы тәрбие жүйесінің мазмұны мен формаларының өзгеру себептері мен салдары анықталды. Салыстырмалы талдау соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі кезеңдер арасындағы сабақтастық пен өзгерістерді айқындау үшін пайдаланылды. Бұл тәсіл оқушылар ұйымдарының эволюциясын түсінуге және олардың дамуындағы негізгі бетбұрыс кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік берді.

Әдістер кешенін үйлестіре қолдану зерттеліп отырған кезеңдегі оқушылар ұйымдарының даму эволюциясын жүйелі түрде көрсетуге және олардың қызметінде байқалған қиындықтарды нақты тарихи деректермен негіздеуге жағдай жасады.

Зерттеу барысында қолданылған әдістердің өзара байланысы алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін арттырды.

Зерттеудің негізгі бағыттарының біріншісі – соғыстан кейінгі кеңестік биліктің балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне қатысты саясатын, пионер және комсомол ұйымдарының осы жүйедегі орнын талдау.

Екінші бағыты – ұйымдардың құрылымы мен қызмет түрлерін қарастыру. Бұл қатарға мектептегі пионер дружиналары, кеңестер, секциялар және жоспарлы іс-шаралар, соның ішінде саяси-ағарту, еңбекке баулу және мәдени жұмыстар енгізілді.

Үшінші бағыт – материалдық-техникалық тапшылық, ұйымдастырушылық әлсіздік, кадр жетіспеушілігі және идеологиялық қысым сияқты негізгі қиындықтарды айқындау.

Төртінші бағыт – ұйымдардың тәрбиелік ықпалын, әсіресе азаматтық және патриоттық сананы қалыптастыру мен қоғамдық белсенділікті дамытудағы рөлін бағалау.

Бесінші бағыт – қазіргі оқушылар ұйымдарымен салыстырмалы талдау жасау, мақсаттары мен әдістеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау және тарихи сабақтардың қазіргі практикадағы қолданылу мүмкіндігін анықтау.

Зерттеу идеясының өзегі соғыстан кейінгі кезеңде оқушылар ұйымдары тек мектепшілік тәрбие құралы қызметін атқарған жоқ, сонымен бірге кеңестік идеологияны орнықтырудың негізгі институттарының біріне айналды деген пайымға негізделеді.

Зерттеудің өзектілігі бүгінгі тәрбие практикасын тарихи тәжірибемен салыстыра бағалау қажеттілігімен де күшейе түседі. Тәуелсіздік кезеңіндегі тәрбие моделін кеңестік кезең тәжірибесімен салыстыру заманауи тәрбиелік құралдарды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ғылыми-практикалық тұрғыдан бұл зерттеу оқушылар ұйымдарының қалыптасуы мен қызметін талдау арқылы сол дәуірдегі тәрбие және идеология жүйесінің ерекшеліктерін ашуға, Қазақстан тарихы мен педагогикасы бойынша білім аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Зерттеу материалдары тарих, әлеуметтік педагогика және тәрбие жұмысы пәндері бойынша қосымша оқу материалы ретінде де пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу барысында тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, хронологиялық, сипаттамалық және құжаттық талдау әдістері де қолданылды. Бұл тәсілдер оқушылар ұйымдарының дамуына ықпал еткен ішкі және сыртқы факторларды айқындап, қорытындылардың дәлдігін күшейтті. Аталған әдістер кесте 1-де жүйеленді.

Кесте 1 – Зерттеу әдістері

№	Әдіс	Қысқаша сипаттамасы	Қолданылу мысалы	Дереккөздер
1	Тарихи-педагогикалық талдау	Оқушылар ұйымдарының құрылымы, қызметі, тәрбиелік мазмұны мен идеологиялық бағытын тарихи-педагогикалық тұрғыдан ашу.	Пионер және комсомол ұйымдарының тәрбиелік бағыттарының өзгерісін талдау арқылы олардың идеологиялық қызметін анықтау.	Оқушылар ұйымдарының жарғылары, мектеп есептері, педагогикалық кеңес хаттамалары, тәрбие жоспарлары.
2	Құжаттық талдау	Ресми және мұрағат құжаттары арқылы фактілерді нақтылап, ұйымдардың қызметін деректік тұрғыдан негіздеу.	Белгілі бір мектептегі оқушылар ұйымының қызметін архив құжаттары арқылы нақтылау және ресми есептермен салыстыру.	Архив құжаттары, мемлекеттік қаулылар, білім министрлігі бұйрықтары және нұсқаулықтары.

№	Әдіс	Қысқаша сипаттамасы	Қолданылу мысалы	Дереккөздер
3	Салыстырмалы талдау	Соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі кезеңдерді салыстырып, өзгеріс пен сабақтастықты айқындау.	1945 жылға дейінгі және кейінгі оқушылар ұйымдарының құрылымы мен іс-шараларындағы айырмашылықтарды анықтау.	1945 жылға дейінгі және 1945-1960 жылдардағы құжаттар, ұйым құрылымы, іс-шара мазмұны.
4	Тарихи-генетикалық әдіс	Оқушылар ұйымдарының қалыптасуы мен дамуын тарихи жағдайлар және қоғамдық-саяси факторлармен байланыстыра отырып, олардың пайда болу себептері мен даму заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс соғыстан кейінгі кезеңдегі ұйым қызметінің өзгерістерін кеңестік идеология мен білім беру саясатының ықпалымен түсіндіруге және себеп-салдар байланыстарын ашуға бағытталған.	Соғыстан кейінгі кезеңде оқушылар ұйымдарының қайта құрылуына мемлекеттік идеологияның ықпалын және оның себеп-салдарын талдау.	Оқушылар ұйымдарының қалыптасу кезеңдері, саясат өзгерістері, қоғамдық факторлар.
5	Хронологиялық әдіс	Оқиғаларды ретімен жүйелеп, кезеңдеу жасау және даму динамикасын көрсету.	1945–1960 жылдар аралығындағы ұйым қызметінің кезеңдерін бөліп, олардың даму ерекшеліктерін көрсету.	1945-1960 жылдардағы қаулылар, есептер, баспасөз материалдары, баяндамалар.
6	Сипаттамалық әдіс	Ұйым құрылымын, кеңес қызметін және іс-шара түрлерін нақты сипаттау.	Мектептегі оқушылар ұйымының ішкі құрылымын және өткізілген мәдени-көпшілік іс-шараларды сипаттау.	Мектепшілік ұйым құрылымы, жоспарлы іс-шаралар, мәдени-көпшілік және еңбекке баулу жұмыстары.

№	Әдіс	Қысқаша сипаттамасы	Қолданылу мысалы	Дереккөздер
7	Талдау және жинақтау	Өртүрлі деректерді біріктіріп, қиындықтар жүйесін және тәрбиелік ықпалын кешенді бағалау.	Архив деректері негізінде кадр жетіспеушілігі мен материалдық тапшылықтың ұйым жұмысына әсерін кешенді бағалау.	Материалдық-техникалық тапшылық, кадр жетіспеушілігі, ұйымдастырушылық әлсіздік және идеологиялық қысым туралы деректер.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан ұлттық энциклопедиясындағы мәліметтер бойынша, пионер ұйымы кеңестік кезеңде оқушылардың тәрбие кеңістігіндегі негізгі институттардың бірі болды. Бұл ұйым балалардың күнделікті өміріне тікелей ықпал етіп, олардың мінез-құлқы мен дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Пионер (франц. Pionnier – жол салушы, бастаушы) – ғылымда, техникада, өнерде жаңа жол салушы, бастамашы адам. Ұйым мүшелері үшін салтанатты уәде, заңдар, нышандар мен рәсімдер жүйесі белгіленді: қызыл ту, қызыл жалауша, қызыл галстук, омырау белгі; атрибуттары горн, барабан, бір үлгідегі киім; салттары салют, сапқа тұру, линейка, ту алып шығу, жалауды көтеру, пионер алаулары, т.б. түрлі мерекелер болды. Оқуда, еңбекте, спортта, қоғамдық жұмыста айрықша көзге түскен пионерлер Бүкілодақтық Пионер ұйымының Құрмет кітабына жазылды. Сонымен қатар, үкімет тарапынан марапатталып, наградалар, тіпті КСРО-ның ең жоғарғы атақтары да беріліп отырды. Кеңес Одағының Батыры атағына 4 пионер, Социалистік Еңбек Ері атағына 2 пионер ие болған [1].

Бұл көрсеткіштер пионер ұйымының бұқаралық сипат алғанын және оның қоғамдағы ықпалының жоғары деңгейін көрсетеді.

Л.Н. Орлова мен Е.А. Цыганкова пионер ұйымының қалыптасуы мен дамуын Кеңес Одағы тарихындағы балалар қозғалысының маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Авторлар ұйымның тек тәрбиелік және білімдік функция атқарып қоймағанын, сонымен бірге мемлекеттік идеологиялық жүйенің құрамдас элементі болғанын көрсетеді.

Зерттеушілердің пайымдауынша, пионер ұйымдары жастарды әлеуметтендіруді қамтамасыз етіп қана қоймай, жаңа социалистік қоғамның құндылықтарын күнделікті тәрбие практикасына енгізудің тиімді тетігіне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, пионер ұйымдары білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды.

Мақалада балалар ұйымдарының құрылымдық даму кезеңдері жүйеленіп, олардың қызметіндегі жетістіктермен қатар ұйымдастырушылық шектеулер де көрсетілген. Бұл тұжырымдар пионер қозғалысын тарихи-педагогикалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

БЛКЖО құрылымында мектеп комитеттеріне жасөспірімдердің оқуға саналы қатынасын қалыптастыру, ғылым негіздерін меңгеруін бақылау және қоғамдық белсенділігін арттыру міндеті жүктелді. 1924 жылғы VI съезде балалар топтарының ұйымдастырушылық құрылымын күшейту мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Мектептердегі пионер топтарының негізгі міндеттері төмендегідей бағыттардан тұрды:

1. Пионер ұйымына кірмеген оқушылар арасында пионерлік ықпалды кеңейту және оқитын пионерлердің үлгерімін арттыру;

2. Мектепті қоғамдық-саяси өмірге қатыстыру, өндіріс орындарымен және өзге де ұйымдармен байланысын дамыту, ұжымдық мерекелер мен іс-шараларға тарту;

3. Мұғалімдер мен мектеп кеңесіне оқу-тәрбие жұмысын жолға қоюға жәрдемдесу және мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қатынастардағы ескі стереотиптерді еңсеруге ықпал ету [2].

А.А. Слезин мен А.А. Беляевтің зерттеуінде соғыстан кейінгі қалпына келтіру жағдайында мектеп комсомол ұйымдарының рөлі арнайы қарастырылған. Авторлар бұл ұйымдардың тәрбие құралы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік міндеттерді шешуге жастарды жұмылдыру механизміне айналғанын көрсетеді.

Деректер бойынша, 1931 жылғы 10 сәуірде республикада алғашқы пионерлер штабы құрылды. БЛКЖО-ның 1949 жылғы XI съезінде пионер дружиналары арасынан белсенді жастарды іріктеп, болашақ пионер жетекшілерін даярлау міндеті қойылды.

Соғыстан кейінгі жылдары пионерлер қалаларда макулатура мен металл сынықтарын жинауға, ағаш отырғызуға, ал ауылдық жерлерде құс, қоян сияқты ұсақ үй жануарларын өсіруге тартылды. Мұндай жұмыс түрлері еңбексүйгіштік, ұжымдық жауапкершілік және шыдамдылық қасиеттерін қалыптастыру құралы ретінде бағаланды. Алайда, мектептердегі комсомол ұйымдарының саны шектеулі болғандықтан, олардың ықпалы барлық оқушыны толық қамти алмады [3].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1962 жылғы 17 мамырдағы Жарлығына сәйкес, В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымы коммунистік тәрбиедегі еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталды [4].

БЛКЖО (Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы) жетекшілігімен жұмыс істеген В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымы Кеңес Одағындағы балалар мен жасөспірімдерді біріктірген ірі қоғамдық ұйым болды. Бұл ұйымның негізгі мақсаты – жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеу, оларды КОКП (Кеңес Одағы Коммунистік партиясы) идеалдарына адал болуға баулу еді. Пионер ұйымы мектеппен, отбасы және түрлі қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, балалардың жан-жақты дамуына ықпал етті. Ол оқушылардың білімге қызығушылығын арттырып, еңбекке, тәртіпке, ұжымшылдыққа және отансүйгіштікке тәрбиелеуді көздеді. Сонымен қатар, балаларды қоғамға пайдалы еңбекке тарту арқылы олардың жауапкершілігін қалыптастырды.

Ұйым құрылымы бірнеше деңгейден тұрды: пионер дружиналары, отрядтар және звенолар. Әрбір бөлімше өз жұмысын ұжымдық шешім арқылы ұйымдастырып, балалардың белсенділігін арттыруға бағытталды. Пионерлер арнайы салтанатты рәсім арқылы қабылданып, ант беріп, қызыл галстук тағатын болған.

Пионер ұйымы сондай-ақ, халықаралық достықты нығайтуға мән беріп, басқа елдердің балалар ұйымдарымен байланыс орнатты. Ұйым мүшелері түрлі мерекелер мен қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып отырды. Бұл ұйым Кеңес дәуірінде балаларды тәрбиелеудің маңызды құралы болып, оларды қоғамдық өмірге бейімдеуде үлкен рөл атқарды.

1958 жылы пионер ұйымында балалардың өсу сатылары жүйеленіп, әр кезең бойынша арнайы белгілер енгізілді. Жаңа сатыға өту алдын ала жасалған жеке жоспар арқылы іске асырылып, бүкіл жұмыс екі жылдық пионер жоспарына біріктірілді.

Осылайша, ұйым қызметі мектептегі тәрбие процесін жоспарлау, бақылау және ынталандыру тетіктерімен ұштастырылды, ал марапаттау жүйесі оқушылар белсенділігін арттыру құралына айналды [5].

В.А. Зориннің «Жас пионерлер» жинағы пионер қозғалысының міндеттері, мақсаттары және ұйымдастыру қағидаларын түсіндіретін бастапқы еңбектердің бірі болып саналады. Еңбекте мектептегі пионер топтарының оқушыларды ұйым жұмысына тарту, пионер ұйымына кірмеген балаларға тәрбиелік ықпал жасау және мектептің қоғамдық өмірін жандандырудағы рөлі сипатталады.

Автор тек идеологиялық ұстанымдарды баяндап қана қоймай, балалармен жұмыстың нақты формаларын да ұсынады. Бұл еңбекті тарихи-педагогикалық талдау үшін маңызды етеді, дегенмен мәтіннің айқын идеологиялық бағыты сыни тұрғыдан ескерілуі қажет.

Осы дереккөзде 1930-1970 жылдары пионер ұйымының құрылымы кезең-кезеңімен жанартылып отырғаны көрсетіледі: 1930-жылдары ұйымдастырушы орталықтар қалыптасты, соғыстан кейін ұйымды қалпына келтіру жұмыстары күшейді, ал 1958 жылдан бастап өсу сатылары енгізілді.

1920-1950 жылдары пионер ұйымының тәрбие жүйесінде еңбексүйгіштік, ұжымшылдық, тәртіп, қоғамдық мүлікке ұқыптылық, денсаулықты сақтау және зиянды әдеттерден бас тарту қағидалары жүйелі насихатталды. Ұйымға әдетте 9-14 жас аралығындағы балалар қабылданды [6].

З. Сақтаганова мен Д. Шапагатованың зерттеуінде 1954-1964 жылдардағы Қарағанды өңіріндегі пионер лагерьлері мәдени-тынығу жұмысын ғана емес, мектеп пен пионер ұйымының тәрбиелік міндеттерін ұштастырған кеңістік ретінде сипатталады [7].

Р.М. Рысбекова, Б.Т. Махметова және А.А. Бейсембаева сыныптан тыс тәрбие жұмысының мазмұнын патриоттық тәрбие берудің нақты формалары мен әдістері арқылы ашады. Авторлар үйірме, әңгіме, сауалнама және шығармашылық тапсырма сияқты тәсілдер оқушының Отан туралы түсінігін нақтылауға, ұжымдық қатысу дағдысын нығайтуға және құндылықтық бағдарын бекітуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бұл тұжырымдар оқушылар ұйымдарының күнделікті тәрбие тәжірибесінде патриоттық мазмұн мен ұжымдық әрекет формаларының өзара байланыста қолданылғанын нақтылайды [8].

Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінің 1692-қор, 1-тізімдеме, 925-ісіндегі деректер бойынша, 1954 жылы БЛКЖО ОК «В.И. Ленин атындағы жас пионерлердің балалар коммунистік ұйымдарының Ережесін» бекітті. Осы құжат ұйым жұмысының мазмұнын нақтылап, үздік нәтиже көрсеткен оқушыларды алғыс хат, құрмет грамотасы, төсбелгі және сыйлықтармен марапаттау тәртібін кеңейтті [9].

Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінің 1692-қор, 1-тізімдеме, 1881 «А»-ісіндегі материалдар 1950-1960 жылдары пионер ұйымының КСРО мектеп оқушыларының ресми бірлестігіне айналғанын көрсетеді. Пионер сарайлары мен үйірмелер жүйесі арқылы балаларға жас натуралистер, әуе және кеме модельдеу, спорт секциялары сияқты бағыттар қолжетімді болды. Сол кезеңде мектептерде металл сынықтарын жинау кең өріс алды: оқушылардың қатысуымен 978 238 тонна металл сынығы жиналды. Қорғаныс қорына қаржы жинау науқандарына да мектеп оқушылары тартылып, миллионнан астам қаржы өткізілгені көрсетілген [10].

Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінің 1692-қор, 1-тізімдеме, 2620-ісінде пионерлердің зейнеткерлерге қамқорлық көрсетуі, табиғат пен жаратылыстану ғылымдарына қызығушылығы және «Зарница» әскери-спорттық ойынының жүйелі ұйымдастырылуы сипатталады. «Пионербол», «Зарница», сондай-ақ «Артек» пен «Орленок» лагерьлеріне жолдама алу жүйесі ұйым ішіндегі ынталандыру тетігінің маңызды бөлігі болды [11].

Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінің 1692-қор, 2-тізімдеме, 252-ісіндегі мәліметтер соғыстан кейінгі мектептегі білім беру ісінің тоталитарлық тәртіп ықпалынан шықпағанын көрсетеді. Партия, комсомол, пионер ұйымдары және мұғалімдер оқушылардың тәртібін, оқуын және қоғамдық мінез-құлқын қатаң бақылауда ұстады.

Соның салдарынан оқу-тәрбие процесінің саясаттандырылуы, көрсеткіш қуалау және сабаққа формалды қатынас сияқты құбылыстар байқалды. Сол кезеңде қазақ мектептерінің саны 3891-ден 2577-ге дейін қысқарып, орыс тіліндегі мектептер саны артқаны туралы деректер де тіркелген [12].

Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінің 1692-қор, 1-тізімдеме, 1857-ісіндегі мәлімет бойынша, 1958 жылғы «Мектептің өмірімен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін одан әрі өркендету туралы» Заңды іске асыру аясында мектептерде үйірмелер, байқаулар, олимпиадалар, слеттер және өзге де іс-шаралар кеңейтілді. Сонымен қатар оқушылар ұжымшар, кеңшар, құрылыс және өндіріс орындарындағы еңбекке тартылды [13].

Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінің 1692-қор, 1-тізімдеме, 562-ісінде ауыл шаруашылығы жұмыстарына 176 682 оқушы ерікті түрде жұмылдырылғаны, ал нақты тартылғандар саны 203 613 болғаны көрсетілген. Оларға 10 454 мұғалім жетекшілік еткен, 6364 мектеп отряды құрылып, колхоздардағы еңбекке оқушылар кеңінен тартылған.

Оқушыларды еңбекке тартудың педагогикалық үдерістегі ұйымдастырылуы туралы мәліметтер кесте 2-де берілді.

Кесте 2 – Соғыстан кейінгі кезең деректері бойынша көрсеткіштер

Педагогикалық үдеріс элементі	Нақты дерек	Ұйымдастыру механизмі	Тәрбиелік-педагогикалық нәтижесі
Қатысушылар ауқымы	203 613 оқушы	Жұмылдыруды сынып және мектеп бойынша жоспарлау, қатысуды есепке алу	Еңбек тәртібі, жауапкершілік және ұжымдық міндет сезімі қалыптасты
Педагогикалық жетекшілік	10 454 мұғалім жетекшілік еткен	Мұғалім-ұйымдастырушы арқылы бақылау, нұсқаулық беру және қауіпсіздік талаптарын түсіндіру	Тәртіптік және оқу-еңбек байланысын қабылдау күшейді
Ұйымдастыру формасы	6364 мектеп отряды	Отрядтық құрылым, бригадалық жұмыс, кезекшілік	Ұжымшылдық, өзара көмек және көшбасшылық дағдылары дамыды
Еңбек қызметінің ортасы	Колхоздардағы еңбекке тартылған оқушылардың жиынтық еңбек көлемі – 6 173 384. Бұл көрсеткіш, ықтимал, «адам-күн» бірлігімен есептеліп, бір оқушының бір-неше мәрте қатысуын қамтиды.	Мектеп-шаруашылық байланысы, өндірістік тәжірибе, жоспарлы жұмыстар	Әлеуметтік бейімделу, практикалық дағды және еңбекке баулу күшейді
Ынталандыру және бақылау	Ерікті және нақты жұмылдыру айырмасы – 26 931	Есеп беру, нәтижені бағалау, марапаттау және мақтау практикасы	Мотивация артты, бірақ мәжбүрлеу элементтері де байқалды

Кесте 2-де көрсетілгендей, соғыстан кейінгі кезеңде оқушыларды ауыл шаруашылығы жұмыстарына тарту мектептегі тәрбие үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастырылды: қатысушылар ауқымының кеңдігі, мұғалімдердің жүйелі жетекшілігі және отрядтық құрылым оқу мен еңбекті өзара кіріктіру тетігіне айналды. Бұл тәжірибе оқушыларда еңбексүйгіштік, жауапкершілік және ұжымшылдық қасиеттерін қалыптастырғанымен, ерікті және нақты жұмылдырылғандар арасындағы айырма тәрбие жұмысының кей тұстарда әкімшілік сипат алғанын да аңғартады [14].

Шетелдік зерттеулерде кеңестік кезеңдегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің институционалдық тетіктері жүйелі қарастырылады. О. Фимьяр Қазақстандағы мұғалімдерді даярлау саясатын жеке тарих материалдары арқылы талдап, мектептегі тәрбие жұмысы мен идеологиялық ықпалдың өзара байланысын ашады [15].

А. Кулахметова қазіргі Қазақстандағы балалық шақ ұғымының эволюциясын кеңестік «балалық шақ жобасымен» сабақтастықта қарастырады [16]. Сонымен қатар,

С.Раджагопалан кеш кеңестік балалық шақтың эмоциялық жадын ремикс-видеолар негізінде талдап, пионерлік атрибуттар мен ұжымдық тәжірибелердің қоғамдық жадта ұзақ сақталатынын көрсетеді [17].

И. Силова мен Г. Паланджян балаларды кеңестік империялық білім беру жобасының өзегіне қойылған топ ретінде сипаттап, оқулық пен оқу кеңістігі арқылы жүргізілген саяси-уақыттық әлеуметтендіруді талдайды [18]. М. Рютерс пионер лагерьлерінің фотоальбомдары арқылы «бақытты кеңестік балалық шақ» бейнесінің көрнекі түрде құрастырылғанын дәлелдейді [19], ал А. Козлова «Артек» пен «Орленок» орталықтарының кеңестен кейінгі кезеңде сақталуын олардың институционалдық инерциясымен және қалыптасқан инфрақұрылымымен байланыстырады [20].

Бұл зерттеулер Қазақстандағы соғыстан кейінгі оқушылар ұйымдарының трансформациясын тек әкімшілік құрылым ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік жадта сақталған рәміздер, тәжірибелер және тәрбие модельдері жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Соғыстан кейінгі кезең Қазақстан тарихындағы күрделі әрі маңызды дәуір болды. Бұл уақытта елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен қатар білім беру және тәрбие жүйесі де елеулі өзгерістерге ұшырады. Осындай жағдайда оқушылар ұйымдары кеңестік идеология ықпалындағы тәрбиелік институт ретінде жаңа мазмұнда дамып, балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық өмірге қатысуының негізгі арналарының біріне айналды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылар ұйымдары тек тәрбиелік құрылым ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік реттеу механизмі қызметін де атқарды. Олар арқылы мемлекет жас ұрпақтың мінез-құлқын, дүниетанымын және құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға жүйелі түрде ықпал етті. Ұйымдар оқушылардың бос уақытын ұйымдастырумен шектелмей, олардың әлеуметтік рөлдерін игеруіне, қоғамдық қатынастар жүйесіне енуіне және ортақ нормалар мен талаптарды қабылдауына жағдай жасады.

Әсіресе, ұжымдық іс-шаралар, қоғамдық пайдалы еңбек, мәдени-көпшілік және әскери-патриоттық жұмыстар оқушылардың әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп, олардың қоғамға бейімделуін жеделдетті. Бұл қызмет түрлері арқылы патриотизм, ұжымшылдық, жауапкершілік және еңбексүйгіштік сияқты қасиеттер қалыптастырылды. Осы тұрғыдан алғанда, пионерлік және комсомолдық ұйымдар тәрбиенің маңызды құралдарының бірі болды.

Сонымен қатар, ұйымдар құрамындағы өзін-өзі басқару элементтері (кеңестер, отряд жетекшілері, белсенді топтар) оқушылардың ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе оларды қоғамдық белсенділікке тартудың тиімді тәсіліне айналды. Дегенмен, бұл үдерістердің басым бөлігі орталықтандырылған басқару мен жоғарыдан берілетін нұсқауларға тәуелді болды, бұл оқушылардың дербестігі мен бастамашылдығын белгілі бір деңгейде шектеді.

Зерттеу барысында оқушылар ұйымдарының құрылымы, қызмет бағыттары және олардың жұмысындағы негізгі институционалдық қиындықтар айқындалды. Соғыс салдарынан туындаған экономикалық ауыртпалық, материалдық-техникалық тапшылық, кадр жетіспеушілігі және тәрбие жұмысының шамадан тыс идеологиялануы ұйымдардың қызмет тиімділігіне кері әсерін тигізді. Кейбір жағдайларда бұл формализмнің күшеюіне алып келсе, басқа жағдайларда тәртіп пен ұйымдасқандықты нығайту құралы ретінде көрініс тапты.

Оқушылар ұйымдарының қызметінде тәрбие және бақылау функцияларының өзара ұштасуы айқын байқалды. Бұл ерекшелік кеңестік тәрбиелік жүйенің сипатын көрсетіп, оқушылардың мінез-құлқын реттеу мен қоғамдық нормаларды меңгерту үдерісінің қатар жүргенін дәлелдейді. Соның нәтижесінде, ұйымдар оқушылар үшін өзіндік «әлеуметтік тәжірибе мектебіне» айналды.

Жинақталған тарихи-педагогикалық және архивтік деректер оқушылар ұйымдарының жас ұрпақты әлеуметтендіруде маңызды рөл атқарғанын дәлелдейді. Бұл

зерттеу соғыстан кейінгі кезеңдегі білім беру және тәрбие саясатының нақты мазмұнын ашып, сол дәуірдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесі үшін бұл тарихи тәжірибенің маңызы зор. Алайда, оны толықтай көшіру емес, оның тиімді элементтерін заманауи талаптарға бейімдей отырып қолдану маңызды. Қазіргі зерттеулер үшін мұндай тарихи талдаулар деректерді сыни тұрғыдан қайта қарастыруға, педагогикалық тәжірибені жаңаша пайымдауға және білім беру үдерісіндегі әлеуметтік, мәдени, институционалдық факторлардың өзара ықпалын тереңірек бағалауға мүмкіндік береді және ғылыми айналымды кеңейтеді. Атап айтқанда, оқушылардың өзін-өзі басқару тәжірибесін дамыту, ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және қоғамдық белсенділікті арттыру бағыттары бүгінгі тәрбие жүйесінде өзекті болып қала береді.

Жалпы алғанда, соғыстан кейінгі кезеңдегі оқушылар ұйымдары кеңестік қоғамдағы тәрбиелік жүйенің маңызды құрамдас бөлігі ретінде жас ұрпақты әлеуметтендірудің, қоғамдық өмірге бейімдеудің және идеологиялық ықпал етудің кешенді моделін жүзеге асырды. Олардың тарихи тәжірибесі қазіргі педагогика ғылымы үшін құнды теориялық және әдістемелік негіз болып табылады және болашақ зерттеулер үшін маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылады.

Авторлардың үлесі:

Ыбырайимжанов К.Т. – зерттеуді басқарды, әдістемені жасады және мақаланы ғылыми өңдеді.

Турсынбаев О.Г. – зерттеуді жүргізді, нәтижелерді талдады, мақаланы жазуға және өңдеуге қатысты, деректерді жинау және өңдеумен айналысты, нәтижелерді рәсімдеуге қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 7-т. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 354–355 бб.
- 2 Орлова Л.Н., Цыганкова Е.А. Пионерские форпосты: исторический опыт становления и развития структуры детской общественной организации // Ученые записки Орловского государственного университета. – 2020. – № 3(88). – С. 10–15. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pionerskie-forposty-istoricheskiy-opyt-stanovleniya-i-razvitiya-struktury-detskoj-obshchestvennoy-organizatsii> (қаралған күні: 15.03.2026).
- 3 Слезин А.А., Беляев А.А. Школьные комсомольские организации в условиях послевоенного развития (1945-1954 гг.) // Берегиня. 777. Сова: общество, политика, экономика. – 2010. – № 3(5). – С. 19–29. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/shkolnye-komsomolskie-organizatsii-v-usloviyah-poslevoennogo-razvitiya-1945-1954-gg> (қаралған күні: 15.03.2026).
- 4 О награждении Всесоюзной пионерской организации имени В.И. Ленина орденом Ленина: Указ Президиума Верховного Совета СССР от 17 мая 1962 г. № 84-VI [Электронный ресурс]. URL: https://ru.wikisource.org/wiki/Указ_Президиума_ВС_СССР_от_17.05.1962_№_84-VI (қаралған күні: 15.03.2026).
- 5 Положение о Всесоюзной пионерской организации имени В.И. Ленина 1967 года [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikisource.org/wiki/Положение_о_Всесоюзной_пионерской_организации_имени_В.И._Ленина_1967_года (қаралған күні: 15.03.2026).
- 6 Зорин В.А. Юные пионеры (коммунистические детские группы имени Спартака): сборник статей и материалов по организации отрядов «Юных пионеров» / под ред. В. Зорина. – М.: МК РКСМ, 1922. – 74 с.
- 7 Сактаганова З., Шапагатова Д. Пионерские лагеря как форма организации культурно-оздоровительного досуга детей в 1954-1964 гг. (на материалах Карагандинской области) // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2024. – Т. 148. – № 3. – С. 91-111. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-91-111>
- 8 Рысбекова Р.М., Махметова Б.Т., Бейсембаева А.А. Сыныптан тыс бастауыш сыныптардың оқушыларына патриоттық тәрбие берудің формалары және әдістері // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2022. – № 3(75). – Б. 228-237. DOI: <https://doi.org/10.51889/3418.2022.62.49.021>
- 9 Казак КСР Орталық мемлекеттік архиві (ҚКОМА). Қ. 1692. Т. 1. Іс 925. – 127-п.
- 10 ҚКОМА. Қ. 1692. Т. 1. Іс 1881 «А». – 253-п.
- 11 ҚКОМА. Қ. 1692. Т. 1. Іс 2620. – 3-п.
- 12 ҚКОМА. Қ. 1692. Т. 2. Іс 252. – 31-п.
- 13 ҚКОМА. Қ. 1692. Т. 1. Іс 1857. – 86-п.
- 14 ҚКОМА. Қ. 1692. Т. 1. Іс 562. – 8-п.
- 15 Fimyar O. Five Conversations and Three Notes on the “Soviet,” or Finding a Place for Personal History in the Study of Teacher Education Policy in Kazakhstan // International Handbook of Interpretation in Educational Research. – Dordrecht: Springer, 2015. – P. 1513-1532. DOI: https://doi.org/10.1007/978-94-017-9282-0_74
- 16 Kulakhmetova A. Evolving Notions of Childhood: An Example of Kazakhstan: doctoral dissertation. – Cambridge: University of Cambridge, 2018. – P. 130–138. DOI: <https://doi.org/10.17863/CAM.20723>

17 Rajagopalan S. Remix Videos and the Mnemonic Imagination: Emotional Memories of Late Soviet Childhood // *International Journal of Cultural Studies*. – 2019. – Vol. 22, No. 1. – P. 9–36. DOI: <https://doi.org/10.1177/1367877917741540>

18 Silova I., Palandjian G. Soviet Empire, Childhood, and Education // *Revista Española de Educación Comparada*. – 2018. – No. 31. – P. 147–171. DOI: <https://doi.org/10.5944/reec.31.2018.21592>

19 Rüthers M. Picturing Soviet Childhood: Photo Albums of Pioneer Camps // *Jahrbücher für Geschichte Osteuropas*. – 2019. – Vol. 67, No. 1. – P. 65–95. DOI: <https://doi.org/10.25162/JGO-2019-0003>

20 Kozlova A. Why Pioneer Camps Survived the Collapse of the Soviet Union // *Journal of Modern European History*. – 2021. – Vol. 19, No. 3. – P. 323–339. DOI: <https://doi.org/10.1177/16118944211018684>

REFERENCES:

1 Qazaqstan: Ұлттық ensiklopedia [Kazakhstan: National Encyclopedia]. (1998). Vol. 7. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy, pp. 354–355. (in Kazakh)

2 Orlova L.N., Tsygankova E.A. (2020). Pionerskie forposty: istoricheski opyt stanovleniya i razvitiya struktury detskoi obshchestvennoi organizatsii [Pioneer outposts: historical experience of formation and development of the structure of children's public organizations]. *Uchenye zapiski Orlovskogo gosudarstvennogo universiteta*, no. 3(88), pp. 10–15. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pionerskie-forposty-istoricheskiy-opyt-stanovleniya-i-razvitiya-struktury-detskoy-obshchestvennoy-organizatsii> (accessed: 15.03.2026). (in Russian)

3 Slezin A.A., Beliaev A.A. (2010). Shkolnye komsomolskie organizatsii v usloviakh poslevoennogo razvitiya (1945–1954 gg.) [School Komsomol organizations in the conditions of postwar development (1945–1954)]. *Beregina.777. Sovetskoye obshchestvo, politika, ekonomika*, no. 3(5), pp. 19–29. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/shkolnye-komsomolskie-organizatsii-v-usloviakh-poslevoennogo-razvitiya-1945-1954-gg> (accessed: 15.03.2026). (in Russian)

4 O nagrazhdenii Vsesoiuznoi pionerskoi organizatsii imeni V.I. Lenina ordenom Lenina: Ukaz Prezidiuma Verhovnogo Soveta SSSR ot 17 maia 1962 g. No. 84-VI [On awarding the V.I. Lenin All-Union Pioneer Organization with the Order of Lenin: Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR dated May 17, 1962 No. 84-VI]. URL: https://ru.wikisource.org/wiki/Указ_Президиума_ВС_СССР_от_17.05.1962_№_84-VI (accessed: 15.03.2026). (in Russian)

5 Polozhenie o Vsesoiuznoi pionerskoi organizatsii imeni V.I. Lenina 1967 goda [Regulations on the V.I. Lenin All-Union Pioneer Organization of 1967]. URL: https://ru.wikisource.org/wiki/Положение_о_Всесоюзной_пионерской_организации_имени_В.И._Ленина_1967_года (accessed: 15.03.2026). (in Russian)

6 Zorin V.A. (ed.). (1922). *İunye pionery (komunisticheskie detskie gruppy imeni Spartaka): sbornik statei i materialov po organizatsii otrădov “İunyh pionerov”* [Young pioneers (communist children's groups named after Spartacus): collection of articles and materials on organizing “Young Pioneer” groups]. Moscow: MK RKSM, 74 p. (in Russian)

7 Saktaganova Z., Shapagatova D. (2024). Pionerskie lageră kak forma organizatsii kulturno-ozdorovitel'nogo dosuga detei v 1954–1964 gg. (na materialah Karagandinskoi oblasti) [Pioneer camps as a form of organizing cultural and recreational leisure for children in 1954–1964 (based on materials from Karaganda region)]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie*, vol. 148, no. 3, pp. 91–111. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-91-111> (in Russian)

8 Rysbekova R.M., Mahmetova B.T., Beisembaeva A.A. (2022). Synyptan tys bastauys synyptardyn oquşylaryna patriottıq tärbiye berudiñ formalary jäne ädisteri [Forms and methods of patriotic education for primary school students in extracurricular activities]. *Abai atyndağy QazĖPU-dyn Habarshysy. Pedagogika gylymdary seriiasy*, no. 3(75), pp. 228–237. DOI: <https://doi.org/10.51889/3418.2022.62.49.021> (in Kazakh)

9 Qazaq KSR Ortalyq memlekettik arhivı (QKOMA). [Central state archive of the Kazakh SSR (KKOMA)]. F. 1692. Op. 1. D. 925. L. 127. (in Kazakh)

10 QKOMA. Q [KKOMA. K.]. F. 1692. Op. 1. D. 1881 “A”. L. 253. (in Kazakh)

11 QKOMA. Q [KKOMA. K.]. F. 1692. Op. 1. D. 2620. L. 3. (in Kazakh)

12 QKOMA. Q [KKOMA. K.]. F. 1692. Op. 2. D. 252. L. 31. (in Kazakh)

13 QKOMA. Q [KKOMA. K.]. F. 1692. Op. 1. D. 1857. L. 86. (in Kazakh)

14 QKOMA. Q [KKOMA. K.]. F. 1692. Op. 1. D. 562. L. 8. (in Kazakh)

15 Fimyar O. (2015). Five Conversations and Three Notes on the “Soviet,” or Finding a Place for Personal History in the Study of Teacher Education Policy in Kazakhstan. In: *International Handbook of Interpretation in Educational Research*. Dordrecht: Springer, pp. 1513–1532. DOI: https://doi.org/10.1007/978-94-017-9282-0_74

16 Kulakhmetova A. (2018). *Evolving Notions of Childhood: An Example of Kazakhstan*. Doctoral dissertation. Cambridge: University of Cambridge, pp. 130–138. DOI: <https://doi.org/10.17863/CAM.20723>

17 Rajagopalan S. (2019). Remix Videos and the Mnemonic Imagination: Emotional Memories of Late Soviet Childhood. *International Journal of Cultural Studies*, vol. 22, no. 1, pp. 9–36. DOI: <https://doi.org/10.1177/1367877917741540>

18 Silova I., Palandjian G. (2018). Soviet Empire, Childhood, and Education. *Revista Española de Educación Comparada*, no. 31, pp. 147–171. DOI: <https://doi.org/10.5944/reec.31.2018.21592>

19 Rüthers M. (2019). Picturing Soviet Childhood: Photo Albums of Pioneer Camps. *Jahrbücher für Geschichte Osteuropas*, vol. 67, no. 1, pp. 65–95. DOI: <https://doi.org/10.25162/JGO-2019-0003>

20 Kozlova A. (2021). Why Pioneer Camps Survived the Collapse of the Soviet Union. *Journal of Modern*

ПОСЛЕВОЕННАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ УЧЕНИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ В КАЗАХСТАНЕ: ДИНАМИКА РАЗВИТИЯ И ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ТРУДНОСТИ

Турсынбаев О.Г. *, Ыбыраимжанов К.Т.

Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган

*e-mail: tursynbayev@mail.ru, tarmpi_school@mail.ru

Аннотация. Цель исследования – выявить направления развития, содержание деятельности и ключевые трудности ученических организаций (пионерских, комсомольских и школьных объединений) в Казахстане в послевоенный период (1945–1960 гг.), а также определить их социально-культурное влияние.

Идея исследования состоит в обосновании того, что данные организации выступали одним из главных механизмов внедрения советской идеологии и одновременно играли заметную роль в формировании коллективизма, дисциплины и патриотических установок у школьников.

Основные направления включают анализ историко-идеологических оснований, характеристику структуры и форм работы, выявление препятствий (материально-технический дефицит, кадровая недостаточность, организационная слабость, идеологическое давление), оценку воспитательного эффекта и сопоставление с современными ученическими организациями.

Научная значимость заключается в систематизации малоизученных аспектов эволюции послевоенных воспитательных институтов и расширении знаний в области истории Казахстана и педагогики. Практическая значимость связана с возможностью адаптировать эффективные элементы исторического опыта для совершенствования современной воспитательной работы в школе.

Методологическую основу составили историко-педагогический анализ, сравнительный, хронологический и документальный подходы. Источниковая база включает архивные материалы, официальные постановления и инструкции, отчеты образовательных учреждений, материалы периодической печати и воспоминания.

Результаты показали, что восстановление деятельности ученических организаций происходило в условиях серьезных социально-экономических ограничений, однако эти структуры способствовали активизации школьной общественной жизни и вовлечению детей в общественно полезный труд, культурно-массовые и военно-патриотические мероприятия. Выявленный опыт может быть использован для развития гражданской ответственности и социальной активности учащихся в современной системе образования.

Ключевые слова: ученические организации, пионеры, комсомол, воспитательная работа, советская идеология, социализация, советский период.

POSTWAR TRANSFORMATION OF STUDENT ORGANIZATIONS IN KAZAKHSTAN: DEVELOPMENT DYNAMICS AND INSTITUTIONAL CHALLENGES

O. Tursynbayev*, K. Ybyraimzhanov

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

*e-mail: tursynbayev@mail.ru, tarmpi_school@mail.ru

Abstract. The purpose of this study is to identify the development trends, activity patterns, and key challenges faced by student organizations (Pioneer, Komsomol, and school-based associations) in postwar Kazakhstan (1945–1960), and to assess their socio-cultural impact.

The central idea is that these organizations functioned as an effective mechanism for disseminating Soviet ideology while also shaping students' collectivist values, discipline, and patriotic attitudes.

The main research directions include examining historical and ideological foundations, describing organizational structures and major forms of activity, determining obstacles such as material shortages, lack of qualified staff, weak organizational capacity, and ideological pressure, evaluating educational influence, and comparing postwar practices with contemporary student organizations.

The study's scientific significance lies in systematizing underexplored aspects of postwar educational institutions and enriching scholarship in the history of Kazakhstan and pedagogy. Its practical significance is related to adapting effective historical practices for improving modern school-based educational and civic engagement programs.

The methodological framework combines historical-pedagogical analysis with comparative, chronological, and documentary methods. The evidence base includes archival documents, institutional reports, official regulations and guidelines, periodicals, and memoir sources.

The findings show that the restoration and expansion of student organizations occurred under severe socio-economic constraints, yet these structures contributed to revitalizing school social life and engaging students in community service (publicly useful labor), cultural and military-patriotic activities. The conclusions emphasize that the identified historical experience can inform contemporary approaches to strengthening civic responsibility and students' social participation within the education system.

Keywords: student organizations, Pioneer movement, Komsomol, educational work, Soviet ideology, socialization, Soviet period.

Авторлар туралы мәліметтер:

Турсынбаев Олжас Габитович* – докторант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: tursynbayev1989@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2381-7075>).

Ыбыраимжанов Қалибек Тұрдығазыұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: tarmpi_school@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9773-8890>).

Сведения об авторах:

Турсынбаев Олжас Габитович* – докторант, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, г. Талдықорған, e-mail: tursynbayev1989@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2381-7075>).

Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич – доктор педагогических наук, профессор, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, г. Талдықорған, e-mail: tarmpi_school@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9773-8890>).

Information about authors:

Tursynbayev Olzhas* – Doctoral Student, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Kazakhstan, Tal'dykorgan, e-mail: tursynbayev1989@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2381-7075>).

Ybyraimzhanov Kalibek – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Kazakhstan, Tal'dykorgan, e-mail: tarmpi_school@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9773-8890>).